

## Франция: Аралық есеп немесе әлеуметтік медианы реттеу туралы АРТИКЛЬ 19 түсіндіреді

2019 жылдың мамырында Франция үкіметі әлеуметтік медианы реттеу туралы аралық есеп жариялады. Бұл Ұлыбританияда, Австралияда, Ирландия мен Канадада осы саладағы айтылған ұсыныстардың бірі. АРТИКЛЬ 19 жарияланған есепті шынайылықпен қабылдап, адам құқықтарын қорғауды және интернетте пікір білдіру бостандығын қамтамасыз етуге шақырады. Есеп беру және адамның негізгі құқықтарын мойындау оны бірлесіп реттеудің кез келген тетігінің негізі ретінде тану мақтауға лайық қадам. Француз үкіметі бұл ұсынысты толығымен әзірлейтіндіктен, әлеуметтік медианы реттеудің кез келген ұсынысы жеке цензураны, міндетті сүзгілерді және дәлелсіз мерзімде контентті жоюды бекітпеуін қамтамасыз етуі, сонымен қатар ірі технологиялық компаниялардың үстем жағдайын күшейтпеуі керек. АРТИКЛЬ 19 сондай-ақ нарыққа кіру үшін кедергілерді азайту және қызметтер мен өнімдердің алуан түрлілігі ұсынылатын нарықтың санын арттыру үшін шарттарды бөлу және техникалық қолдау мәселесін мұқият зерделеуге кеңес береді.

2019 жылдың мамырында Франция үкіметі интернетте орналастырылатын контент үшін әлеуметтік медиа платформалардың жауапкершілігін кеңейтетін аралық есеп [промежуточный Отчет](#) жариялады. Есепте ведомстволарлық жұмыс тобының Facebook-тегі бірнеше айлық зерттеулерінен кейін тәуелсіз мемлекеттік органдардан бастап жеке тұлғалар мен ҰЕҰ-ға дейінгі бірқатар мүдделі тараптармен кездесулердің алдын-ала қорытындылары келтірілген. Жұмыс тобы бастамалар мен реттеу үлгілерін жақсы түсіну үшін Ұлыбритания мен Германиядан келген әріптестерімен кездесті. Франция үкіметі ұсыныстар беріп, оларды маусым айының соңында қорытынды есепте жарияламақ. Аралық есеп интернеттегі өшпенділікке қарсы бағытталған заң жобасынан кейін пайда болды (French Private Members bill on Hate Speech Online)<sup>1</sup>; ARTICLE 19 оны жеке құжатта талдайды.

### Ұсыныстар

Есепте әлеуметтік желілер қызметтерін реттеуге айырықша назар аударылды. Ол «онлайн-сервис ретінде анықталып пайдаланушыларға өз таңдауы бойынша контент жариялауға мүмкіндік береді. Осы қызметті барлық немесе бірқатар пайдаланушылар үшін қол жетімді ету». Жарияланған есептің мақсаты - «ірі ойыншыларды» жауапкершілікті сезінуге және әлеуметтік ұйымшылдыққа үндеу.

Есепте ашықтық алгоритміне айырықша назар аудара отырып, келесі бес негізді қамтитын жалпы шеңберлер сипатталады:

<sup>1</sup> См. так называемый Proposition de loi Avia, National Assembly, [Legislative Proposal to fight against hatred on the internet](#), Referred to the Committee on Constitutional Law, Legislation and General Administration of the Republic, March 2019.

- 1 Азаматтық бостандық:** азаматтық бостандықты қорғау және бизнес жүргізу бостандығы жаңа шеңбердің басым міндеті болады. Сондай-ақ, бұл жеке тұлғалардың пікір білдіру бостандығы мен коммуникация қолданушылардың физикалық және моральдық қол сұғылмаушылығы туралы (яғни жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы туралы), компаниялар үшін жаңалықтарды енгізу бостандығы мен пайдалану және қолдану құқығы.
- 2 Есеп беру.** Кез келген реттеудің басты мақсаты - тәуелсіз әкімшілік орган арқылы әлеуметтік желілердің есеп беруін қамтамасыз ету. Мұндай орган ірі платформаларға жүктелген ашықтық міндеттемелерінің орындалуын, олардың мазмұнға тапсырыс беруіне, қызмет көрсету шарттарын және мазмұнды модерациялауға (мысалы, қауымдастық стандарттары қалай өңделгеніне, өңдеудің автоматтандырылған құралдары, сенімді бағдарламалардың қолданылуына) бақылауды жүзеге асырады. (сенімді маркерлер-trusted flagger programmes және т.б. бағдарламалар) [*trusted flagger programmes – Жеке тұлғаларға, мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдарға (ҰЕҰ) сенімді құралдар беруге көмек көрсетуге арналған бағдарламалар, олар әсіресе қауымдастық – прим принциптерін бұзатын контент туралы тиімді хабардар етеді. пер.*]. Сонымен қатар, реттеуші орган компаниялар өз пайдаланушыларына қамқорлық жасау міндеттерін қалай орындайтынын қадағалайтын болады. Бұл міндеттемелер ай сайын пайдаланушылар санына халықтың жалпы санынан (10-20%) асатын қызметтерге қолданылады. Ай сайын халықтың 5% -дан азы пайдаланатын қызметтеросы міндеттемелерге енбейді және «Цифрлық экономикаға сенім» (LCEN) туралы 2004 жылғы 21 маусымдағы № 2004-575 Заңымен реттелетін болады. Алайда, «анықталған және тұрақты» заң бұзушылықтарға реттеуші орган жаңа, неғұрлым қатаң шара қолдана алады.
- 3 Диалог:** үкімет әлеуметтік желілер мен оның мүшелерінің тұтастығын қорғау жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда міндеттемелердің шекті деңгейлерін белгілеу және сол міндеттемелерді айқындауда шешуші рөл атқарады. Ол сондай-ақ, реттеуші органмен бірлесіп, әлеуметтік желілердің иесі компаниялар, заң шығарушы билік пен азаматтық қоғам арасында саяси диалог ұйымдастырады. Іс жүзінде бұл компаниялардың үкімет алдындағы «ерікті» міндеттемелерді қабылдауына алып келуі мүмкін, олардың сақталуын реттеуші орган талап етеді және тексереді.
- 4 Өкілеттілік:** реттеуші органға контенттің жекелеген бөліктерін бақылау немесе ұсынылатын қызмет түрлерін анықтау туралы нұсқау берілмейді. Бұл орган ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге сәйкес ақпараттың белгілі бір түрлерін жариялауды талап етуі мүмкін. Ол сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету және пайдаланушылар мен желінің тұтастығын қорғау бойынша міндеттемелерді орындау үшін ресурстарды пайдалану тиімділігіне баға береді. Ол платформаларда сақталатын құпия ақпаратқа, оның ішінде олар туралы платформаларда жарияланатын ақпараттың дәлдігін тексеру үшін олардың алгоритмдеріне арнайы қолжетімділікке ие

болады. Міндеттер мен шарттарды сақтамау ресми хабарлама жіберілгеннен кейін айыппұлдарға (дүниежүзілік айналымның пайызы) әкелуі мүмкін. Тәуелсіз әкімшілік орган биліктің басқа тармақтарымен әріптестікте әрекет ететін болады және азаматтық қоғам үшін ашық болады.

- 5 Еуропалық ынтымақтастық:** ұсыныс әр мүше-мемлекетте ұсынысты іске асырумен байланысты «саяси тәуекелділікті» азайта отырып, ғаламдық платформалардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында еуропалық ынтымақтастықты кеңейту үшін негіз болады.

Есепте азаматтық бостандыққа төнетін қауіп қатерді азайту үшін платформаларды реттеудің кез-келген заңнамалық негізі бірқатар сақтық шараларына сәйкес келуі керек, соның ішінде:

- платформалардың алуан түрлілігін құрметтеу;
- азаматтық қоғамды жүйелі түрде енгізе отырып, ашықтықты қамтамасыз ету бойынша міндеттеме қабылдау;
- қажеттілік пен өлшемділік принциптеріне сәйкес реттеуші органдардың ең аз араласуы;
- мазмұнның жекелеген элементтері заңдылығының заңдық сипаттамасы;

Ақырында, есепте кез келген «болжамды» нормативтік базаны енгізу:

- сәйкестік қағидатына негізделген тәсілді қолдану, мұнда реттеуші орган алдын-алу немесе түзету шараларын дұрыс жүзеге асыруды ғана қадағалайды және тәуекелдерді немесе ұсынылатын қызметтерді реттеуге талпынбайды;
- демократиялық қоғамға айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін «жүйелі» субъектілерге назар аудару; сонымен бірге жаңа еуропалық операторларға кіруге кедергі жасамау;
- болашақ проблемаларды олар туындаған кезде шешуге икемді болу. Осы тұрғыдан алғанда, осы саладағы кез-келген заңдардың мақсаты ағымдағы проблемаларды тікелей реттеуге емес, реттеудің институционалды әлеуетін қалыптастыру болуы керек.

### **АРТИКЛЬ 19-дың пікірі мен ұсынысы**

АРТИКЛЬ 19 есепті қолдайды. Ол әлеуметтік медианы реттеудің кез-келген құрылымының негізгі мақсаты ретінде ашықтық пен есептілікке назар аударады. Әлеуметтік желілер үшін кез-келген нормативтік-құқықтық базада жеке адамның бостандығын қорғау құпталады. Сондай-ақ, біз бұл ұсыныстар интернеттегі «зиянды» мазмұнды реттеуге бағытталмағанын

түсінеміз, керісінше ашықтық туралы міндеттемелерге назар аударуға тырысамыз. Біздің ойымызша, «басым» (ірі) әлеуметтік медиаға назар аудару интернеттің экожүйесіндегі операторлардың кең ауқымын (көпшілік дискуссиялық форумдар, өнімдерді шолу сайттары немесе бұлтты сақтау провайдерлері сияқты) реттеуге қарағанда, контенттің модерациясына байланысты туындайтын проблемаларды шешуге неғұрлым практикалық тәсіл болып табылады. Компаниялар, үкімет, реттеушілер және азаматтық қоғам арасындағы диалогтың қажеттілігін мойындау да алға басқан оң қадам болып табылады.

Алайда, қосымша мәліметтер жоқ болғандықтан, АРТИКЛЬ 19 Француз моделі неміс<sup>2</sup>, британ<sup>3</sup> және европалық<sup>4</sup> модельдер сияқты мәселелерді мәні бойынша қозғамауы үшін ұсынысты пысықтауды ұсынады.

Сондықтан, біз адам құқықтарының, оның ішінде пікір білдіру бостандығы құқығының толық қамтамасыз етілуі үшін бірқатар ұсыныстарды ұсынамыз.

- **Қамқорлық/тиісті адалдық міндеттемесі:** есепте әлеуметтік медиа компаниялардың иеленушілері – әсіресе басым компаниялар өз қолданушыларына қатысты «қамқорлық міндеттемесін» қабылдауы керек. Бұл кезеңде есепте қамқорлық міндеттемесіне не кіретіні көрсетілмеген. АРТИКЛЬ 19 «қамқорлық міндеттемесі» тұжырымдамасына сүйену проблемалы: ол көбінесе физикалық әлемдегі адамдардың интернеттегі<sup>5</sup> қарым-қатынасына сәйкес келмейтін қамқорлық міндеттемелеріне ұқсайды деп санайды.

Егер қамқорлық/тиісті адалдық міндеттемесінің тұжырымдамасы қолданылса, онда қамқорлық жасаудың кез келген міндеттемесі халықаралық құқыққа сәйкес пікір білдіру бостандығын шектеуге<sup>6</sup> қатысты үш бөлшекті тестке сәйкес анықталуы тиіс.

Атап айтқанда, заңдылықты тексеру үшін кез-келген осындай міндеттемені қандай оператор орындауы керек екенін нақты анықтауы керек; кім үшін; қолданушыларды қорғау үшін операторлар қандай жағдайларда әрекет етуі керек; қолданушылар зиянның қандай түрінен қорғалуы керек; зияндылықтың алдын алу немесе азайту үшін операторлар қандай іс-әрекеттерді жасауы керек және т.б.<sup>7</sup>

<sup>2</sup> ARTICLE 19, [Germany: Act to Improve Enforcement of the Law on Social Networks undermines free expression](#), September 2017.

<sup>3</sup> ARTICLE 19, [UK: ARTICLE 19 response to leaked reports on online harms white paper](#), April 2019.

<sup>4</sup> ARTICLE 19, [Joint letter on European Commission regulation on online terrorist content](#), December 2018.

<sup>5</sup> Обязательство заботиться часто связано с предвидением телесных повреждений в контексте безопасности для здоровья, но оно значительно шире, когда применяется к «онлайн-вреду», который часто связан с эмоциональным стрессом, реакцией в ответ на сказанное.

<sup>6</sup> Согласно международному праву, любое ограничение свободы выражения должно быть: 1) предусмотрено законом; 2) преследовать законную цель, что исчерпывающе изложено в статье 19 (п.3) Международного пакта о гражданских и политических правах 1966 года или статье 10 (п.2) Европейской конвенции о правах человека; 3) быть необходимым и пропорциональным в демократическом обществе.

<sup>7</sup> Для того чтобы найти больше информации о том, что влечет за собой обязательство заботиться – см. Graham Smith, [A Ten Point Rule of Law Test for a Social Media Duty of Care](#), 16 March 2019

Есепте контентті жою немесе алып тастау туралы жеке шешімдерге қатысты алаңдаушылық білдірілмеген. Соған қарамастан, контенттің «санаттарына» қатысты кез-келген жүйелі түрде бас тарту оны жоюға арналған жекелеген шешімдермен байланысты болуы керек (мысалы, Нэнси Пелоси туралы жалған видео) немесе контент элементтерінің жалпы жиынтығынан бас тарту. Осыған байланысты Кристчерчтегі террорлық шабуыл туралы бейнежазба қызықты бастама болуы мүмкін. Facebook шабуылдан кейін 24 сағат<sup>8</sup> ішінде 1,5 миллион бейнежазбаны жойды, бірақ жүздеген мың адам платформада қалды. Facebook-те лаңкестік мазмұнмен күресу саясаты бар, сонымен қатар нақты уақытта хабар тарату мүмкіндіктерін ұсынады. Осының негізінде келесі сұрақтар туындайды:

- «Зиян» болдырмау үшін нақты уақыттағы тарату функциялары толығымен өшірілуі керек пе?
- Цензура мәселесінен басқа, жүктеу алдында тікелей эфирді қолданушылардың ниеттерін қалай анықтау керек?
- Егер мақсат зорлық-зомбылықты қоздыру емес, құжаттандыру немесе дабыл қағу болса ше?
- Егер заңсыз контент бейнежазбаны көргеннен кейін 1 сағаттан соң пайда болса не істеу керек?
- Мұндай контентті жою үшін платформаларға қанша уақыт керек?

Қазіргі уақытта қамқорлық міндеттемесінің қандай жағдайларға әкеп соқтыратыны, компаниялардан қандай шаралар күтілетіні және реттеуші орган мұндай міндеттемені орындамағаны үшін қандай жүйелі және елеулі айыппұлдар салу туралы шешім қабылдауы мүмкін екендігі белгісіз.

Жоғарыда айтылғандай, АРТИКЛЬ 19 ұсыныстың соңғы нұсқасында осы мәселелердің анық болуын ұсынады. Бұл талапты орындамау нәтижесі құқықтық мәселелердің елеулі проблемаларына әкеліп, пікір білдіру бостандығына зиян келтіруі мүмкін.

- **Реттеуді болжау.** Сондай-ақ Есепте «алдын-алу» немесе «түзету» шараларын реттеу және іске асыру туралы болжам көрсетілген, бірақ олардың анықтамалары ескерілмеген. АРТИКЛЬ 19 тәжірибесіне сүйене отырып, контентті модерациялау саласындағы «ескерту» жалпы немесе «нақты» болсын, ЕО электронды сауда директивасының 15-бабына сәйкес келмейтін (жалпы бақылауға тыйым салынған) мониторинг міндеттемелерін білдіреді. Бұл әдетте контентті жүктеудің алдын алады. «Террористік» немесе «экстремистік» контент ретінде анықталған контенттің белгілі бір санаттары үшін дұрыс. Алдын алу шараларының бұл түрлері цензураға жатады, әсіресе мемлекет тікелей немесе жанама түрде қарастырса; мұндай шаралар пікір

<sup>8</sup> См. e.g. C. Lecher, [YouTube took down an 'unprecedented volume' of videos after New Zealand shooting](#), 18 March 2019

білдіру бостандығы құқығын қорғаумен де сәйкес келмейді. Сонымен бірге, «түзету» шаралары, әдетте, қысқа мерзімде процедуралық кепілдіктер мен еркін пікірлерге қарамастан, «проблемалық» контент туралы хабарлау процедурасын жеңілдетеді.

Біздің ойымызша, мемлекет компанияның пайдаланушыларына «қамқорлық жасау» үшін жүктеме сүзгілерін пайдаланудан немесе ұсынудан бас тартуы керек. Сол сияқты, «өшпенділік сөзі», «террористік» немесе басқа да заңсыз контенті алынып тасталатын контентті негізсіз қысқа мерзімге салудан аулақ болу керек. Оның орнына контентті алып тастау туралы шешімдерді орындау кезінде тиісті процессуалдық кепілдіктерді жақсартуға және пайдаланушылар компаниялар қабылдайтын олардың шешімдерін қозғайтын дау айтуды қамтамасыз етуге назар аудару керек.

Контентті модернизациялау процесінде тиісті кепілдіктер берудің бір жолы заңсыз контенттің белгілі бір түрлері үшін хабарлама жүйесін пайдалану болуы мүмкін. (notice-and-notice systems) [*Notice-and-notice systems – "байқау және хабарлау" жүйелері – кейбір интернет провайдерлермен сайтқа жүктеу және веб-сайттан жүктеу әрекеттеріне байланысты, сондай-ақ peer-to-peer file-sharing network немесе "P2P" - ескерту. пер.*] Осы модельге сәйкес делдалдар контент жеткізушілерге заңсыз контент туралы алған хабарламаларды жібереді. Олар егер бар болса, қарсы хабарламаларды береді.

Қарсы хабарламалар болмаған жағдайда олар жауапкершіліктен айрылады. Бұл делдал рөлін сақтайды және «хабарлау және кері қайтарып алу» процестерінде мүлде жоқ белгілі бір іс жүргізу әділеттілігін қамтамасыз етеді. (notice-and-takedown processes)<sup>9</sup> [*Бұл процесті интернет-провайдерлер сот шешімімен немесе контент заңсыз деп айыптағаннан кейін жүзеге асырады. Контентті оның иесі хабарлама алғаннан кейін жояды. Хабарландыру және кері қайтарып алу авторлық құқықтың бұзылуына байланысты, сондай-ақ жала жабу мәлідемесі немесе басқа да заңсыз мазмұны үшін қолданылады - шамамен.*]

- **Цензура және заңның үстемдігі:** АРТИКЛЬ 19 есепте осы саладағы бірқатар оң өзгерістер бар екенін атап өтеді: ол реттеуші органға «зиянды», бірақ заңды контентке қатысты кодекс әзірлеуді ұсынбайды. Сондай-ақ, жауапкершіліктен босатудың күшін жоюды ұсынбайды. Оның орнына есепте «жақсартуға» және компаниялар әзірлеген ағымдағы өзін-өзі реттеу бастамаларын жария етуге, олардың қызмет көрсету шарттарының ашықтығын жақсартуға баса назар аударады. Сондай-ақ заңсыз контентті анықтаудағы соттардың рөлі атап өтіледі. Сонымен бірге компаниялардың «ерікті» міндеттемелерді орындамауы елеулі айыппұлдарға (әлемдік айналымнан белгілі бір пайыз) әкеп соғуы мүмкін.

Сондай-ақ, «зиянды» контентке қатысты кодекстің жоқтығы әдетте, қызмет көрсету шарттарының қолданылуы, пікір білдіру бостандығын заңға

<sup>9</sup> Больше информации можно натий в ARTICLE 19's policy, [Internet Intermediaries: Dilemma of Liability](#), 2013.

қарағанда<sup>10</sup> әлдеқайда қатаң түрде шектейтін болады. Мұндай жағдайларда жаңа жүйе компаниялардың жеке цензурасын мақұлдауы мүмкін, өйткені компаниялар санкциялардан аулақ болуға тырысады.

ARTICLE 19 пікірі бойынша, алға жылжудың ең жақсы тәсілі пайдаланушыларға платформаларда қалаған нәрсені таңдауға мүмкіндік беру; бұл пайдаланушыларға қолданғысы<sup>11</sup> келетін қауымдастық стандарттарына сәйкес контент сүзгілерінің түрлерін бақылауға мүмкіндік береді. Француз үкіметіне «бөлудің»<sup>12</sup> нұсқаларын қарастыруды, бәлкім, еуропалық коммуналдық қызметтер нарықтарында бұрыннан бар немесе PSD2<sup>13</sup> арқылы еуропалық төлем қызметтері үшін жақында енгізілген өзгертулерді енгізуді ұсынамыз. Жалпы алғанда, үлкен платформалар өздерінің қызметтерін бейтарап нұсқасын аша алар еді (яғни олардың рейтингтері немесе қоғамдастық стандарттары жоқ). Содан кейін бәсекелестер пайдаланушыларға бірдей мазмұнды таба алатын, бірақ пайдаланатын қызметті ұсынады, бірақ әр түрлі саралау<sup>14</sup> және жою саясатын қолдана алады. Біз француз және басқа да заң шығарушылар осы идеяларды зерттеуді жалғастыруы керек деп есептейміз, өйткені осылайша американдық технологиялық компаниялардың басымдығына байланысты кейбір мәселелерді шешуге көмектесуге болады.

- **Санкциялар:** Жоғарыда айтылғандай, «қамқорлық міндеттемесінің» орындалмауы әлеуметтік медиа компаниялары үшін әлемдік айналымның пайызына тең үлкен айыппұлдарға әкелуі мүмкін. Біз басқа жерлерде қолданылатын қатаң шаралардың<sup>15</sup> қолданылмауын қолдаймыз (мысалы, талаптарға сәйкес келмейтін платформаларды бұғаттау), бірақ біздің тәжірибемізге сүйенсек, үлкен айыппұлдар қаупі компанияларды одан да көп емес контентті алып тастауға итермелейді.

Мұндай жағдайларда заңды контент сөзсіз тұзаққа түседі. Біздің пікірімізше, реттеуші органның әлеуметтік медианы иеленетін компанияларға айыппұл салу өкілеттігі, егер бұл нақты және тар тұжырымдалған міндеттемелермен байланысты болса, ал кез келген салынған айыппұлдар барлық проблеманың күрделілігіне пропорционалды болған жағдайда ғана пікір білдіру құқығымен үйлесімді болуы мүмкін.

Қатаң жазалау тәсілін қолданудың орнына, ARTICLE 19 Француз заң шығарушыларын жоғары қызмет стандарттарын қабылдау үшін компаниялар марапаттайтын баламаларды зерттеуге шақырады.

<sup>10</sup> См. ARTICLE 19, [Analysis of Facebook's Community Standards](#), 2018

<sup>11</sup> См. M. Masnick, [Platforms, Speech and Truth: Policy, Policing and Impossible Choices](#), *Techdirt*, 9 August 2018.

<sup>12</sup> См. D. Keller, [Who Do You Sue? State and Platform Hybrid Power Over Online Speech](#), 2019, p. 26.

<sup>13</sup> M. Zachariadis and P. Ozcan, [The API Economy and Digital Transformation in Financial Services: The Case of Open Banking](#), SWIFT Institute Working Paper No. 2016-001.

<sup>14</sup> Там же

<sup>15</sup> Например, Белая книга Великобритании «О вреде онлайн» или недавняя поправка к Уголовному кодексу Австралии.

Мұндай баламаларға жоғары сапалы және кепілдендірілген қауіпсіз өнімдер үшін пайдаланылатын арнайы белгі (kite-marking), немесе қоғамға өз қызметінде жоғары стандарттарды ұстанатын компаниялар туралы білуге мүмкіндік беретін рейтингтер кіруі мүмкін.

Біз сондай-ақ саясаткерлерді мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін модельдерді қарастыруға шақырамыз, сонымен қатар әлеуметтік желілердегі контент модерациясына тәуелсіз бақылауды енгіземіз<sup>16</sup>.

АРТИКЛЬ 19 Франция үкіметі маусым айының соңында әлеуметтік медианы реттеу туралы қорытынды есепті жариялауды жоспарлап отырғанын түсінеді. Осылайша, елде және шетелде онлайн-контентті реттеу күн тәртібіне шығарылғандықтан, АРТИКЛЬ 19 пікір білдіру бостандығын қорғаудың ең жоғары стандарттарына қол жеткізу үшін одан әрі көмек көрсетуге дайын.

---

<sup>16</sup> C.f. e.g. ARTICLE 19, [Self-regulation and 'hate speech' on social media platforms](#), 2018